



**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
НАО «УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ШАКАРИМА ГОРОДА СЕМЕЙ»**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Семей

«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ		
3-деңгейлі СМЖ құжаты	Ереже	П 042 – 1.06 – 2024
Білім беру бағдарламасы туралы ереже	№ 4 баспа 17.09.2024 ж.	

БЕКІТІЛДІ

«Шәкәрім атындағы университет» КеАҚ

Басқармасы

№16 хаттама «17».09.2024 ж.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Семей
2024

АЛҒЫСӨЗ**ӨЗІРЛЕНДІ**

ББ жобалау және әдістемелік
сүйемелдеу бөлімінің
жетекшісі

17.09.2024 ж.

А. Зарлыкканова

2 КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер
жөніндегі департамент
директоры

17.09.2024 ж.

С. Рапикова

Білім беру сапасын бағалау
орталығының жетекшісі

17.09.2024 ж.

Ж. Орынканова

Заң бөлімінің басшысы

17.09.2024 ж..

Э.Токенова

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Белгілеулер мен қысқартулар.....	5
4	Глоссарий.....	6
5	Жалпы ережелер.....	10
6	Құзыреттілік матрицасын жобалау.....	11
7	Білім беру бағдарламасын қалыптастыру регламенті және жауапкершілігі.....	12
8	ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі.....	22
9	Элективті пәндер каталогы.....	22
10	Оқу жұмыс жоспары.....	24
11	БББ дамыту жоспары.....	24
12	Қосымшалар.....	25

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы БББ туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) факультеттер мен кафедраларға, менеджерлерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді және «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ-да (бұдан әрі - Университет) білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу тәртібін айқындайды.

Университетте БББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді құрайды:

- білім беру бағдарламасы;
- ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі;
- элективті пәндер каталогы;
- оқу жұмыс жоспары.

Ереженің мақсаты бакалавриат, магистратура және докторантура ББ әзірлеу кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету және оған төмендегідей талаптар қойылады:

- оқыту нәтижелерінің ұлттық және салалық біліктілік шеңберлеріне сәйкестігіне бағдарлана отырып, білім беру салалары мен кадрлар даярлау бағыттары бойынша БББ мазмұнына шолу жасау;

- модульдік оқытуды жобалау;
- БББ, ЖК тізімін, ЭПК, ОЖЖ құрылымы мен әзірлеу тәртібі.

Бұл ереже Университеттің нормативтік-анықтамалық құжаттамасының құрамына кіреді, БББ әзірлеу және әзірлеуді қамтамасыз ету үрдісі үшін негіз болып табылады және оқу үрдісін ұйымдастыруға қатысатын университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің орындауы міндетті.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы.

3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.

4. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

6. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығы

7. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіміне енгізу және одан шығару негіздерін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары Білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы.

8. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының сайты, Кәсіби стандарттар: <https://atameken.kz/ru/services/16-professionalnyye-standarty-i-tsentry-sertifikatsii-nsk>.

9. Құжатталған рәсім «Құжаттаманы басқару тәртібі мен сапа бойынша жазбалар»

10. Білім беру бағдарламаларының академиялық комитеті туралы ереже.

11. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі басшылық. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығы 4.05.2023 жылғы № 601 н/қ. Астана, 2023.

12. Білім беру бағдарламаларын жобалау: Әдістемелік нұсқаулық / Ибатов М.К., Өмірбаев С.М., Жетесова Г.С., Нұрмағамбетов А.А., Әбдібекова С.К., Смирнова Г.М., Готтинг В.В., Қожанов М.Г., Шебалина О.А., Қойшыбаева А.Т., Чижибаева З.Н., Идиятова Ю.М. – Караганды: ҚарМТУ- баспасы, 2017 – 40 б.

3 БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АК – Академиялық кеңес

АК – Академиялық комитет

БП – базалық пәндер

ЖК - жоғары оқу орны компоненті

ЖЖЖООКББМЖМС– Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарт

АМЖП- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент

ЖОЖ – жеке оқу жоспары

ЭПК – элективті пәндер каталогы

БББ – білім беру бағдарламасы

ЖБП - жалпы білім беретін пәндер

АкМ жөніндегі проректор – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

БП- бейіндеуші пәндер

ОЖЖ – оқу жұмыс жоспары

ОН – оқыту нәтижелері

ҒК – Ғылыми кеңес

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба

4 ГЛОССАРИЙ

академиялық комитет – академиялық комитет-даярлау бағыттары бойынша құрылатын алқалы орган, оның мақсаты БББ тізбесін айқындау, білім беру бағдарламаларын жобалау, әзірлеу және жетілдіру болып табылады.

академиялық кредит - білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі;

академиялық кезең (Term) (терм) - семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның біреуін білім беру ұйымы өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;

академиялық рейтинг (Rating) (рейтинг) - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің оқу бағдарламасын меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

академиялық сағат - оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады;

белсенді үлестірмелі материалдар (БҮМ) (Hand-outs) – білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);

бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

жоғары оқу орны компоненті – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

дескрипторлар (descriptors (дэскрипторс) – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы;

дипломдық жұмыс – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес студенттің өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру жұмысы;

дипломдық жоба – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес

келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

қашықтықтан оқыту – педагог пен білім алушылардың қашықтан, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимыл жасауы кезінде жүзеге асырылатын оқыту;

қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор) – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;

дуалды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны;

жеке оқу жоспары – білім алушының білім беру бағдарламасының және элективті пәндер каталогының негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына жеке жасайтын оқу жоспары;

инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс;

білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – олардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптаушысы(жіктеушісі) (бұдан әрі – кадрларды даярлау бағыттарының сыныптаушысы) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарын сыныптау мен кодтауды белгілейтін және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пайдаланылатын құжат;

құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті;

таңдау компоненті – ЖОО ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі;

оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

модуль – білім беру бағдарламасының тәуелсіз, өзіндік жеткілікті және толық бөлімі немесе оқыту кезеңі;

модульдік оқыту – білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;

жаппай ашық онлайн-курс (ЖАОК) – электрондық оқыту технологияларын қолдана отырып және Интернет арқылы ашық қолжетімділікпен жаппай интерактивті қатысумен оқыту курсы;

білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі;

білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

міндетті компонент – МЖМС-да белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі;

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орны;

негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор) – негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы;

білім беру бағдарламасының паспорты – оқыту нәтижелері мен пәндерді, олардың кәсіби саламен байланысын (ҰБШ, СБШ және КС болған кезде қоса алғанда), сондай-ақ еңбек сыйымдылығы мен оқыту тіліне қатысты мәліметтерді қамтитын бағдарламаның қысқаша сипаттамасы;

педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам;

постреквизиттер (Postrequisite)(постреквизит) – зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері;

постреквизиттер (Prerequisite)(постреквизит) – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;

біліктілікті беру – тиісті кәсіптік қызмет түрінің шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті жеке қабілеттілік, кәсіптік білім, машықтар мен дағдылар жиынтығын растау рәсімі;

білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың бір оқу сабағының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖОО дербес әзірлейтін оқу құжаты;

білім беру бағдарламасын әзірлеу – оқыту нәтижелері мен тиісті еңбек шығындарын, оқу қызметінің түрлерін, оқыту әдістері мен рәсімдерін/бағалау өлшемшарттарын көрсете отырып, білім беру бағдарламасын және оның компоненттерін жоспарлау;

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізімі (бұдан әрі – ЖКБ БББ тізілімі) – Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары әзірлеген БББ паспорттарының тізбесін қамтитын ақпараттық жүйе;

оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӨЖ) - жеке кесте бойынша оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОДӨЖ) болып бөлінеді;

білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;

электрондық құжат айналымы жүйесі – қатысушылары арасындағы қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттар алмасу жүйесі

студент – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында оқитын адам;

типтік (үлгілік) оқу бағдарламасы – оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын білім беру бағдарламасының міндетті компонентіндегі пәннің оқу құжаты.

электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы – электрондық құжаттарды жинау, өңдеу, сақтау, беру, іздеу және тарату процестеріне қатысатын жеке немесе заңды тұлға, мемлекеттік орган немесе лауазымды адам;

білім алушылардың оқудағы жетістігі – білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті;

элективті пәндер – жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер;

электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

электрондық архив – архивтік электрондық құжаттардың жиынтығы;

электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

электрондық құжат айналымы – мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында электрондық құжаттар алмасу.

5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

БББ әзірлеу әдістемесі мынадай қағидаларға негізделеді:

- Дублин дескрипторларын және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, көп деңгейлі білім мазмұнын түсіну;

- БББ жобалау негізі ретінде құзыреттілік тәсіл;

- Дублин дескрипторлары негізінде БББ құрудың модульдік ұстанымы.

Жаңа БББ VUCA жылдам өзгермелі әлемінде қажетті, өмір бойы оқытуды көздейтін икемді және кәсіби дағдыларды (soft skills, hard skills) қалыптастыруға бағытталуы керек. Volatility – тұрақсыздық, өзгергіштік; Uncertainty – белгісіздік; Complexity – күрделілік; Ambiguity – түсініксіздік, екіұштылық, екіойлылық.

Мамандарды сапалы дайындауды қамтамасыз ету мақсатында университет интеграцияланған, қос дипломдық және инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады.

Интеграцияланған білім беру бағдарламалары

Интеграцияланған білім беру бағдарламаларының мазмұнын қалыптастыру кезінде оқытудың екі немесе бірнеше бағыттары бойынша оқыту нәтижелеріне тең мәнді қалыптастыратын пәндер енгізіледі.

Интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламалары пәнаралық және деңгейаралық, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары аралық және халықаралық болуы мүмкін.

Интеграцияланған білім беру бағдарламалары - білім беру бағдарламаларының тиісті мазмұнды аспектілерін біріктіру негізінде әзірленген білім беру бағдарламалары.

Бұл жағдайда «интеграция» термині мамандарды даярлаудың екі немесе бірнеше бағыттарының өзара байланысы, өзара тәуелділігі және өзара байланысы туралы түсінікке енеді, бұл жаңа идеяның немесе жаңа зерттеу объектісінің параметрлеріндегі сапалық және сандық өзгерісті білдіреді.

Академиялық салаға осындай өзгерістерді енгізу тікелей білім беру бағдарламасының: интеграцияланған пәндердің, пәндердегі тікелей тақырыптардың, сондай-ақ оқыту әдістемесінің ауқымды әзірленуін білдіреді.

Қос дипломдық білім беру бағдарламалары

Қос диплом бағдарламалары - әріптес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын салыстыруға және синхрондауға негізделген және бағдарламаның мақсаты мен мазмұнын анықтау, дәреже беру немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша тараптардың ортақ міндеттемелер қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар. Қос дипломдық білім беру бағдарламалары екі әріптес ЖОО арасындағы келісім негізінде әзірленеді.

Қос дипломдық білімнің білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын және әріптес ЖОО талаптарын ескереді. Екі тараптың білім беру бағдарламалары пәндерінің тізбесі білім алушының жеке оқу жоспарын жасау кезінде ескеріледі. Сонымен қатар білім алушы практиканың барлық түрлерін және қорытынды аттестаттауды толық көлемде өтеді. Қос дипломдық білім беру бағдарламалары бойынша оқыту кезінде түрлі оқыту технологиялары, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологиялары пайдаланылуы мүмкін.

Инновациялық БББ

Инновациялық білім беру бағдарламасы - бұл өңірдің білім беру мекемелерінде таратуға дайын, жоғары оқу орнын дамытудың стратегиялық міндеттерінің бірін шешудің авторлық нұсқасын көрсететін жоғары оқу орны мен салалық академиялық ғылымның ғылыми-білім беру әлеуетін интеграциялауды көздейтін бағдарлама.

Инновациялық білім беру бағдарламалары болашаққа бағытталған ең озық технологияларды қамтиды, жаңа кәсіптер атласына бағытталған ғылымдар торабында жаңа білімдер мен технологияларды дамытады және микроквалификация мен minor қамтиды.

6 ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МАТРИЦАСЫН ЖОБАЛАУ

Құзыреттілік матрицасы оқыту нәтижелерін осы құзыреттіліктер қалыптастырылатын пәндермен біріктіруге мүмкіндік беретін көмекші компонент болып табылады (1-сурет).

Сол жақ бағанда оқу нәтижелері, белгілі бір БББ бойынша оқу жоспары пәнінің жоғарғы жолында жазылады.

Оқыту нәтижесін (құзыреттілік бірлігі) ол қалыптасатын пәндермен байланыстыра бастаймыз және олардың қиылысу өрісін бояймыз. Мысалы, **Аққ1** оқыту нәтижесі (құзыреттілік бірлігі) **Пққ1** және **Пққ6** пәндері шеңберінде қалыптастырылады; **Аққ3** оқыту нәтижесі (құзыреттілік бірлігі) **Пққ1**, **Пққ2** және **Пққ5**.

Құзыреттілік матрицасын толығымен толтырған кезде, кейбір жолдар немесе бағандар боялмаған болуы мүмкін. Бұл кез – келген пән бойынша қалыптаспаған жаңа құзыреттілікті анықтағанымызды білдіреді (мысалда бұл А_{КК4}) және кез-келген пәннің мазмұнына қосымша материал енгізу керек немесе осы оқыту нәтижесін (құзыреттілік бірлігі) қалыптастыруға жауап беретін жаңа пән енгізу керек. Егер матрицада бос боялмаған баған болса, бұл оқу жоспарында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға «жауап бермейтін» пән бар екенін және оны «қажет емес» деп есептеуге болатындығын білдіреді (мысалда бұл Д_{КК4}).

	П _{КК1}	П _{КК2}	П _{КК3}	П _{КК4}	П _{КК5}	П _{КК6}	П _{ККN}
А _{КК1}							
А _{КК2}							
А _{КК3}							
А _{КК4}							
А _{ККN}							

Пәндер	П _{КК1}	П _{КК2}	П _{КК3}	П _{КК4}	П _{КК5}	П _{КК6}	П _{ККN}
Құзір.б							
В _{КК1}							
В _{КК2}							
В _{КК3}							
В _{КК4}							
В _{ККN}							

1 сурет – Кәсіби құзыреттілік матрицасы

Бұл жағдайда осы пәннің мазмұнын талдап, оны оқытудың белгілі бір нәтижесіне (құзыреттілік бірлігіне) сілтеме жасай отырып, өзекті оқу материалымен толтыру керек немесе оны оқу жоспарынан алып тастау керек.

Осылайша, БББ мазмұнын жаңарту және оңтайландыру мақсатында оған ревизия жүргізілетін болады.

Құзыреттілік матрицасын оқыту нәтижелерінің құрамын (құзыреттілік бірліктерін), құзыреттілік модуліне арналған пәндердің тізбесі мен мазмұнын анықтау сапасының мониторингі ретінде қарастыруға болады. Дайын, өңделген матрица кәсіби құзыреттілік модулінің құрамын жобалау үшін негіз болып табылады.

7 БББ ҚАЛЫПТАСТЫРУ РЕГЛАМЕНТІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

БББ әзірлеуге «БББ академиялық комитеті туралы ережесі» жоғары оқу орнының нормативтік құжатына сәйкес қалыптастырылады және жұмысы жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының академиялық комитеті (АК) жауапты болады. АК жетекшісі мен құрамы факультет декандарының ұсынысы бойынша университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Академиялық комитет БББ әзірлеу кезінде білім беру бағдарламасы бітіруші түлегінің моделін басшылыққа алады. Бітірушінің моделі «Білім беру бағдарламасының паспорты» БББ құрылымына енгізілген. БББ түлектерінің моделін АҚ университеттің академиялық саясатында көрсетілген «Семей

қаласының Шәкәрім атындағы университеті" КЕАҚ түлектерінің моделінің» негізінде әзірлейді.

Университеттің АҚ БББ әзірлеу кезінде:

- бір БББ аясында орнату:

1) негізгі білім беру бағдарламасы (Major);

2) қосымша БББ (Minor) – элективті пәндер каталогы бойынша ББ (кредит көлемі, оқу семестрі АҚ мазмұнын, яғни оқу пәндерінің тізімін, білім алушының таңдауы негізінде айқындалады);

- ББ-на енгізілетін оқу модульдерінің тізімін анықтау.

Модульдер төмендегідей түрлерге бөлінеді:

1) Жалпы модульдер - ЖБП, БП ЖК, қорытынды аттестаттау циклдерінің пәндерін және жалпы құзыреттерді қалыптастыратын оқу жұмысының басқа түрлерін қамтиды;

2) кәсіптік модульдер-нақты БББ аясында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған Базалық пәндер, Бейіндік пәндер циклдерінің пәндерін және оқу жұмысының басқа түрлерін қамтиды;

3) қосымша модульдер-қосымша құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған пәндерді қамтиды (әскери дайындық және студенттің өз бетінше анықтайтын оқу іс-әрекетінің басқа түрлері).

Егер модуль бір-бірімен өзара байланысты бірнеше пәндерді біріктірсе, олардың бірі екіншісінің пререквизиті болса, онда зерделеу дәйекті болуы тиіс.

Егер модуль құрамдас бөліктері басқа құрамдас компоненттердің пререквизиті болып табылмайтын аралас пәндерден тұрса, онда пәндерді қатар оқып-үйренуге болады.

Модульді зерделеу аяқталғаннан кейін қорытынды бақылау модуль бойынша кешенді емтихан нысанында өткізіледі немесе әрбір компонент – оқу пәні бойынша дербес емтихан өткізіледі.

Бұл ретте БББ оқу пәндері үш топқа бөлінеді:

А тобы - ҚР МЖМБС сәйкес міндетті пәндер (ЖБП; БП);

В тобы - ЖК міндетті пәндері;

С тобы - таңдау бойынша компоненттер (ТК).

ЖК пәндерін даярлау бағыттары бойынша академиялық комитет ұсынады және ЖК оқу пәндерінің тізіміне енгізіледі, даярлау деңгейі бойынша ЖК оқу пәндерінің тізімі (бакалавриат - магистратура – докторантура) университеттің ҒК отырысында бекітіледі. ЖК тізімі оқудың барлық кезеңіне бекітіледі.

ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге кіретін электрондық құжаттар қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес білім алушыларды оқыту аяқталғанға дейін университет серверінде электрондық архивте сақталады.

БББ әзірлеу, қарау, пысықтау, бекіту үрдістері іске асырылатын білім беру бағдарламаларын өзектендіру алгоритміне сәйкес жүзеге асырылады (А қосымшасы).

ББ қалыптастыру үрдісінің кезеңдері

1-кезең. Дайындық кезеңі

• Дайындық бағыттары бойынша академиялық комитетті қалыптастыру

(АК);

- АК жетекшісін және құрамын, топ жетекшісін / БББ менеджерін бекіту;
- Білім беру бағдарламасының (Major және Minor) атауы мен мазмұнын анықтау;
- ББ іске асыру бойынша ағымдағы жағдайды талдау, нарықтың осы ББ қажеттілігін айқындау;
- ББ түлектерінің құзыреттіліктеріне жұмыс берушілердің талаптарын анықтау;
- Кәсіби саланы талдау (мамандық, еңбек функциялары, кәсіби міндеттер, білім, дағдылар, мінез-құлық стандарттары, жабдықтар мен құралдар, болашақ тенденциялар).

2-кезең. БББ жобалау

- БББ индикаторлары анықталады: қажетті кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың тізбесі және модульдер бөлінісінде, оның ішінде ұйым серіктестерінің ресурстарын тартуды ескере отырып, басқа да қажеттіліктер;
- оқыту нәтижелері мен оларға қол жеткізу критерийлері құзыреттіліктің белгілі бір бейініне сәйкес тұжырымдалады;
- педагогикалық жобалау технологиясын пайдалана отырып, модуль бойынша оқыту нәтижелері, пәндер (өндірістік оқыту, практика) мен білім беру технологиялары арасындағы сәйкестік анықталады;
- пәндер (өндірістік оқыту, практика), аралық және қорытынды аттестаттау бөлінісінде оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен құралдары жобаланады;
- модульдік ұстаным бойынша ББ жобасы негізінде кәсіби құзыреттіліктер бейінінің қол жетімділігін бағалау жүзеге асырылады.

Кәсіби қызмет саласын зерттеу барысында АК құзыреттіліктердің бастапқы тізімін (отандық және шетелдік ұлттық біліктілік шеңберлері, салалық біліктілік шеңберлері және кәсіби стандарттар, ЖжЖООКББМЖМС; лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары және т. б. қалыптастыру үшін құжаттарды талдайды.

Осы кәсіптік саладағы әрбір даярлау бағыты үшін құзыреттіліктердің алдын ала тізімі мынадай түрде қалыптастырылады:

- жалпы құзыреттіліктер анықталады (жеке, әлеуметтік - этикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық және т. б.);
- кәсіби құзыреттіліктер анықталады (осы бағытқа тән теориялық және практикалық дағдылар мен біліктер).

Зерттеу барысында алдын ала құзыреттіліктер тізімінің басымдылығын нақтылау және айқындау мақсатында жұмыс берушілерге сұрау салу жүзеге асырылады. Бұл үшін:

- бастапқы құзыреттіліктерді пайдалана отырып, жұмыс берушінің сауалнамасы әзірленеді;
- сауалнама жүргізу әдістері іріктеледі: сандық (стандартталған сауалнамаларды пайдалана отырып); сапалық (сұхбат және фокус-топтар);
- сауалнамаға қатысушыларды - БББ түлектері жұмыс істейтін, зерттелетін

кәсіби саланың өкілдерін іріктеу жүргізіледі.

АК сауалнама жүргізу үшін сауалнамаға қатысушыларға алдын ала құзыреттіліктер тізбесін ұсынады, сауалнамаға қатысушылар жұмыс орнында қандай да бір құзыреттіліктің маңыздылығы дәрежесін және жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін маманның оны иелену деңгейін айқындайды. Құзыреттіліктердің бастапқы тізімі дұрыс анықталмаған құзыреттіліктерді интеграциялау және/немесе алып тастау жолымен қалыптастырылады:

- жалпы құзыреттіліктің төмендеуі (оның ішінде тұлғалық, әлеуметтік, этикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық және т. б.)
- кәсіби құзыреттіліктің төмендеуі (осы бағытқа тән теориялық және практикалық дағдылар мен іскерліктер).

Кәсіби қызмет саласын талдау қорытындылары бойынша нәтижелер 1-кестеге сәйкес рәсімделеді.

1-кесте - Еңбек саласын зерттеу нәтижелері

Мамандық	А еңбек функциясы	А 1 кәсіби міндеті	Білімі
			Дағдылары
			Мінез-құлық стандарттары
			Жабдықтар мен құрал-саймандар
			Болашақ тенденциялар
		А 2 кәсіби міндеті	Білімі
			Дағдылары
			Мінез-құлық стандарттары
			Жабдықтар мен құрал-саймандар
			Болашақ тенденциялар
		А 3 кәсіби міндеті	Білімі
			Дағдылары
			Мінез-құлық стандарттары
			Жабдықтар мен құрал-саймандар
			Болашақ тенденциялар
		А 4 кәсіби міндеті	Білімі
			Дағдылары
			Мінез-құлық стандарттары
			Жабдықтар мен құрал-саймандар
			Болашақ тенденциялар
В еңбек функциясы	В еңбек функциясы	В 1 кәсіби міндеті	Білімі
			Дағдылары
			Мінез-құлық стандарттары
			Жабдықтар мен құрал-саймандар
			Болашақ тенденциялар
		В 2 кәсіби міндеті	Білімі
			Дағдылары
			Мінез-құлық стандарттары
			Жабдықтар мен құрал-саймандар
			Болашақ тенденциялар
		В 3 кәсіби міндеті	Білімі
			Дағдылары
			Мінез-құлық стандарттары
			Жабдықтар мен құрал-саймандар
			Болашақ тенденциялар
		В 4 кәсіби міндеті	Білімі
			Дағдылары
			Мінез-құлық стандарттары
			Жабдықтар мен құрал-саймандар
			Болашақ тенденциялар

С еңбек функциясы	С 1 кәсіби міндеті	Білімі
		Дағдылары
		Мінез-құлық стандарттары
		Жабдықтар мен құрал-саймандар
		Болашақ тенденциялар
	С 2 кәсіби міндеті	Білімі
		Дағдылары
		Мінез-құлық стандарттары
		Жабдықтар мен құрал-саймандар
		Болашақ тенденциялар
	С 3 кәсіби міндеті	Білімі
		Дағдылары
		Мінез-құлық стандарттары
		Жабдықтар мен құрал-саймандар
		Болашақ тенденциялар
	С 4 кәсіби міндеті	Білімі
		Дағдылары
		Мінез-құлық стандарттары
		Жабдықтар мен құрал-саймандар
		Болашақ тенденциялар

Әрі қарай БББ оқыту нәтижелері тұжырымдалады.

Оқыту нәтижелері мынадай болып бөлінеді:

- Бағдарламаны оқыту нәтижелері;
- Білім беру элементтерін (модуль, пән, сабақ және т.б.) оқыту нәтижелері.

ББ жобалау кезеңінде бағдарламаны оқыту нәтижелері тұжырымдалады.

Оқыту нәтижелері оқыту деңгейімен, кәсіптік стандарттардың талаптарымен және (немесе) жұмыс берушілердің талаптарымен/ тоғыстырылған құзыреттіліктерге байланысты қалыптастырылады.

Оқыту нәтижелері бағдарламаға бөлінетін академиялық кредиттердегі ББ көлемін айқындау үшін негіз болады. БББ-да құзыреттіліктер, оқыту нәтижелері және академиялық кредиттер арасында өзара байланыс болуы тиіс.

Оқыту нәтижелері сынақ бірліктерін көшіру мен жинақтаудың Еуропалық жүйесінің (ECTS) басшылық қағидаттары негізінде қалыптасады.

Оқыту нәтижесін жобалау кезінде БББ бітірушілерді құзыреттіліктің екі негізгі түрімен қамтамасыз етуі керек екенін ескеру қажет:

